Мемлекеттік грант беру туралы
2024 жылғы «_12» наурыздағы №04
Шарттың № 7 қосымшасы

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша**
**Қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:**«Ақ босаға» әйелдер қоғамдық бірлестігі**
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):**Тәжиева Зейнар Достанқызы**
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:**Кызылорда қаласы, Жеңіс көшесі 142 үй, 87771360186**
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты):**Инклюзивтік қоғам дамыту**
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні:**наурыз 2024- тамыз 2024**
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:**5663000 (бес миллион алты жүз алпыс үш мың) тенге**

**Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

*Гранттық шарттың №3 қосымшасына (Жобаның толық сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет.*

**1 міндет.Қызылорда қаласы және Белкүл, Қызылжарма, Қараултобе, Қосшыңырау (Абай) ауылдық аймақтарында әлеуметтік және (немесе) еңбек интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы мүгедектердің үлесін және олардың қажеттіліктерін анықтау.**

**1-іс-шара.*Қызылорда қаласы және Белкөл, Қызылжарма, Қараултобе, Абай аумақтарындағыжергіліктіатқарушы органдарға әлеуметтік және (немесе) еңбек интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы мүгедектердің үлесін (ақпаратын) анықтау мақсатында хат жолдау және талдамалық анықтама жасау*.** Жоба жұмысына 6 адам тартылып, тұрақты жұмыспен қамтылды. Командада жоба жетекшісі, үйлестіруші, есепші 3 ментор жұмыс жасады. Қызылорда қаласы және Белкөл, Қызылжарма, Караултөбе, Абай ауылы әкімдерімен әлеуметтік және (немесе) еңбек интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы мүгедектердің үлесін (ақпаратын) анықтау мақсатында ауыл әкімдіктеріне, облыстық жұмыспен қамту басқармасына ақпарат жолданды (хаттар қоса жолданды). Нәтижесінде еңбекке қабілетті мүмкіндігі шектеулі жастардың аймақтағы жалпы саны анықталды.

**2-іс-шара.*Әлеуметтік және (немесе) еңбек интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы мүгедектердің қажеттіліктерін анықтау.*** Әлеуметтік және (немесе) еңбек интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы мүгедектердің қажеттіліктерін анықтау мақсатында офлайн және видео подкаст әдісімен интервью сауалнамасы 2 тілде жүргізілді (https://l.facebook.com/l.php?u=https%3A%2F%2Fforms.gle%2FrxJEGujjybba1Jju7&h=AT1uPqW_72P5di5eTsgysrJLC1_hZmRFPrJ8oo8SlW3nrTrxME3HXF1ClhiKMjovX_pEuhnUnC-P5MOnEX1U6zYS18C2mKT1O46b1jNvQFzwc0SKBo6IuS9jinfia0c3FDE5&s=1). Мәселелерді шешу туралы ұсыныстар фасилитация әдісі арқылы қатысушылардың курстарға бөлінуіне, олардың курстардан күтетін нәтижесіне қарай тренерлердің жұмыс жоспарын жасауына мүмкіндік берді. Сонымен қатар, сауалнама нәтижесімен Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімібасшысына талдамалық ақпарат жолданды (көшірмелері қоса жолданды). Курс қатысушыларын жұмысқа орналастыру бойынша келіссөздер жүргізіліп, қатысушылардың курстан меңгерген білімдерін жұмыс берушілерге көрсетуге бағытталған жәрмеңке тамыз айында ұйымдастырылды.
**https://www.instagram.com/reel/C6O1qogC5oR/?igsh=MWEwem9pc2NuNjhtdA**==

**....**

**2-міндет.Жобаның басталуы туралы ақпараттық жұмыстар жүргізу мақсатында «Өз қолыңмен жасауды үйретемін» тақырыбында ашық есік күнін өткізу.**

**1-іс-шара.*«Өз қолыңмен жасауды үйретемін» тақырыбында ашық есік күнін өткізу.*** 2024 жылғы 26 сәуірде, Қызылорда қаласында Достық үйінің мәжіліс залында «Өз қолыңмен жасауды үйретемін» тақырыбында ашық есік күні ұйымдастырылып, **«Мүмкіндігі шектеулі жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар және олардың тиімділігі, қоғамдық ұйымдармен серіктестіктің маңыздылығы» тақырыбында «Мүмкіндігі шектеулі 15-17 жастағы ерекше балаларды шығармашылық өнерге үйретуге бағытталған шаралардың оқу орнындағы нәтижелігі, инклюзивтік білімнің маңызы» тақырыбында** эксперттер баяндамалар жасады.Ашық есік күні жұмысына мемлекеттік органдар, қалалық мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдары мен қоғамдық ұйымдар өкілдері, мүмкіндігі шектеулі жастар мен ата-аналары барлығы 25 адам қатысты. Шара барысында жоба туралы ақпарат жарияланған 50 буклет таратылды. Курс тренерлері өздерінің бағдарламаларымен таныстырып,сұрақтарына жауап берді. Ұйымдастырылған кофе-брейк барысында жоба қатысушылары бір-бірімен танысып, алдағы міндеттерді айқындауға мүмкіндік алды. М. Шоқай атындағы № 187 ақпараттық технологиялар мектеп-лицейі (IT мектеп-лицей), "№ 7 арнайы түзету мектеп-интернаты» КММ басшыларымен алдағы уақытта жоба аясындағы шараларға мектеп ұстаздарын, ата-аналарын қатыстыру және эксперт ретінде қатысу бойынша Меморандумдарға қол қойылды.https://www.instagram.com/p/C6OsPviiEQv/?igsh=MXUzd2psaGIwN2tmZQ==
https://www.instagram.com/reel/C6O_ypAC1-Z/?igsh=amc3YnZrMHh4d2g5

**2-іс-шара. Жастар арасынан шығармашылықпен айналысатын тренерлер табу үшін әлеуметтік сауалнама жүргізу.**

Жастар арасынан шығармашылықпен айналысатын тренерлер табу үшін әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Жалпы қатысқан адам саны-64. Сауалнама нәтижеснде 15 адам шығармашылық қабілеті бар жас тренер деп анықталды, сонымен қатар тренерлерге кураторлық ететін 3 ментор анықталды.

**3-іс-шара.*Шығармашылыққа қызығушылық танытатын әлеуметтік және (немесе) еңбек интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы мүгедектектігі бар адамдарды анықтау сауалнама жүргізу.***

Жоба аясында жүргізілген сауалнамаға қатысқан 521 адамның 55,4 пайызы әйел, қалған 44,6 пайызы ер азаматтар. Олардың ішінде 16-18 жастағы респонденттер 19,0 пайыз (99 адам), 30-35 жастағы 46,5 пайыз (242 адам), 19-29 жастағы 34,4 пайыз (179 адам).
Тұрғылықты жеріңіз сауалы бойынша қатысқан респондеттердің облыс орталығында тұратын мүмкіндігі шектеулі азаматтар үлесі 50,4 пайыз, Қалада, бірақ шет аймағында – 26,9 пайыз, Ауылдық округте -11,9 пайыз, кентте - 10,8 пайызын құрады.
Мүгедектік тобыңыз сауалына респондеттердің 30,6 пайызы І топ мүгедегі, 37,9 пайызы ІІ топ, ІІІ топ мүгедегі деп 31,5 пайызы белгілеген.
Олардың ішінде тірек-қимыл функцияларының бұзылуы бойынша -23, көз аурулары бойынша-43, психикалық бұзылыс бойынша – 43, кресло-коляскада жүретіні,басқа да сырқат- 32, 107 респондент басқа да сырқат әсерінен мүгедек болғанын атаған.
Сіз бала кезіңізден мүгедек болып табыласыз ба сауалына ия- 58,8 пайызы, жоқ деп – 41,2 пайызы белгілеген.
Медициналық- әлеуметтік экспертиза мекемесімен еңбекке жарамдылық ұстанымы белгіленген азаматтар келесі жағдайда ғана жұмыс жасауына рұқсат берілгендігін көрсеткен немесе өзінің денсаулық жағдайына байланысты келесідей келгілеген: арнайы қолайлы жағдай жасалған орында еңбек ету ұсынылған -161,
Ауыр физикалық күш түсірмейтін –134 адам,
Қысқартылған жұмыс күнімен- 88 адам,
Көзге күш түсірмей- 8,
Жүйке жүйесіне күш түсірмей –82,
Өзге де ұсыныстар- 48 адам.
Сіздің біліміңіз сауалына 24,8 пайызы – жоғарғы кәсіби деп, арнаулы орта – 41,5 пайызы, жалпы орта – 13,8 пайызы жауап берген.
Қазіргі уақытта білім алып жатырсыз ба сауалына 79.4 пайызы оқымаймын десе, 9,5 пайызы – бастапқы жалпы білім алып отырғандығын көрсеткен.
Еңбек кітапшаңыз бойынша жұмыс өтіліңіз бар ма сауалына ия деп – 52,3 пайызы, жоқ деп 47,7 пайызы көрсеткен.
Аурудың анықталып, мүгедектік тобының құрылуы еңбек белсенділігіңізге қалай әсер етті? Жұмысыңызды өзгертуге тура келді ме деген сауалға ия, жұмыс жасаймын бірақ мамандығым бойынша емес деп – 15.4 пайызы, жоқ, мүгедектігім жұмыс барысына әсер еткен жоқ деп – 12,4 пайызы, **ия, қазір жұмыссызбын деп – 70,7 пайызы белгілеген.**
Жұмыс орныңызды өзгертуге тура келсе, қандай себеппен сауалына:
жұмыс орны мүгедектерге қолайлы жағдай жасамағандықтан – 306 адам
еңбек ақысының аздығынан – 157 адам
әріптестер мен басшылық қарым-қатынасынан – 18 адам

жұмыс орнына дейін жету қиындығынан – 40 адам көрсеткен.
Сіз қазір жұмыс істеп жатырсыз ба, анықтап көрсетсеңіз? Ия – 24,9 пайыз, жоқ- 75,1 пайыз.
Қанша уақыттан бері жұмыссызсыз? 3-6 ай аралығы –15,2 пайызы, 3 жылдан жоғары -45, 1 пайызы, 1-3 жыл аралыгы – 32 пайызы көрсеткен.
Жұмыспен қамтылуға/жұмыс ауыстыруға мұқтажсыз ба сауалына ия деп –48,1 пайызы, жоқ деп – 51,9 пайызы атап өткен.
Жұмыс іздеудегі негізгі мотивтеріңіз қандай сауалына :
материалдық қажеттіліктеріңізді қамтамасыз ету (азық-түлік, киім-кешек сатып алу);адамдармен қарым-қатынас жасау –141 респондент,
өзін-өзі жүзеге асыру; адамдармен қарым-қатынас жасау- 99 респондент,
отбасы мүшелерінің материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету –18 респондент,
адамдармен қарым-қатынас жасау деп -72 респондент жауап берген.
Сіз жұмыс істегіңіз келетін мамандық, қызмет түрін жазып көрсетіңіз деген сауалға жұмыс жасағым келмейді деп 2 адам жауап берсе қалған респондеттердің 25 пайызы гуманитарлық мамандықты, 70 пайзы қызмет көрсету саласындағы мамандықтарды атап өткен.
Қолайлы жұмыс іздеу барысында Сіз туыстар мен туыстар арқылы жұмыс іздедім деп 133 адам, жұмыспен қамту орталықтарына жүгіндім деп – 229 респондент, интернет ресурстар мен БАҚ арқылы деп -116 сауалнама қатысушысы белгілеген.
Қайта даярлау курстары, мамандықты қайта ауыстыру бағытындағы курстардан өткіңіз келеді ме сауалына ия деп – 48,8 пайзы, жоқ деп – 51,5 пайзы белгілеген.
Жұмыспен қамту орталықтары мекемелерін білесіз бе, Ооардың қызметін пайдаланып көрдіңіз бе сауалына респондеттердің 38,5 пайызы –білемін, бірақ пайдаланған жоқпын десе, білемін және пайдаландым деп – 35,4 пайзы, 26,2 пайзы білмеймін деп атап өткен.
Жұмыспен қамту қызметі органдарынан ең алдымен қандай көмек алғыңыз келеді сауалына :
өз ісін ашуға көмек; кәсіптік бағдар беру - 148
жұмыс орнын таңдау; өз ісін ашуға көмек -108
кәсіптік бағдар беру; жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алу кеңес -16
жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алу мәселесі -96
кәсіби қайта даярлау деп – 102 респондент жауап берген.
Жоба аясындаға қандай курсқа қатысқыңыз келеді?
«Жасанды интеллект (манкинг), фигма, канва, цифрлық контент» курсы -35,2 пайызы;
«Графикалық вебдизайн (ноу код)» курсы – 10,6 пайызы;
«Этноөнер» курсы – 54,2 пайыз.
Қорытындысымен өзіңіз туралы сұрақ: Сіздің отбасылық жағдайыңыз сауалына:
52, 9 пайызы –үйленбеген, тұрмыс құрмаған
38,3 пайызы – үйлеген, тұрмыс құрғандықтарын белгілеген.

Қорытындылай келе, сауалнама нәтижесімен мүмкіндігі шектеулі жандардың диагнозына қарай және олардың сараптамалық қорытынды нәтижесімен жұмыс жасау мүмкіндігі ерекшелігіне қарай категорияларға бөліп, жұмысқа жарамдылығын ескере отырып, жұмыссыздыққа тіркеудің ерекше тәртібін қарау және жұмыс берушілерге арнайы курстан өткен мүмкіндігі шектеулі азаматтарды бос орын жәрмеңкелері өтетіндігі жөнінде алдын ала онлайн хабарлама беруін талап ету. Жұмыс берушілерге мүмкіндігі шектеулі жандарды қандай позицияға жұмыспен қамтитындығын арнайы орталықтар сауалнама жүргізу арқылы айқындап беру әдісін қолданысқа енгізу.

Мүгедектерді кәсіптік оңалтумен айналысатын құрылымдардың жұмысына электронды кәсіптік анықтамалықты енгізу қажет. Бұл бағдарламалық әдіс мүгедекке қолжетімді мамандықтардың тізімін жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ мүгедектің жұмысын пайдалану үшін нақты жұмыс орындарын бейімдеу бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Мүгедек азаматтарға өздерінің кәсібін ашу үшін несие беру мүмкіндігін қарастыру немесе бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру мақсатында ірі кәсіпорындардың мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге өз үлестерін қосатын әлеуметтік кәсіпкерлік саласын дамыту бойынша нақты бағдарлама әзірлеу, ол жұмысқа осы бағытта жұмыс жасайтын үкіметтік емес ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып жасау.
Жұмыс іздеудегі негізгі мотивтеріңіз қандай сауалына, материалдық қажеттіліктеріңізді қамтамасыз ету (азық-түлік, киім-кешек сатып алу), адамдармен қарым-қатынас жасауды 141 респонденттің атап өтуі бүгінгі алғашқы тұтынымдағы тауарлардың қымбаттығы мүгедек жандардың зейнетақсының аздығынан көп нәрседен өздерін шектейтіндігін көрсетеді, сондықтан олардың қосымша табыс табуына мүмкіндік жасау қажеттігі күн тәртібіндегі мәселеден түспеуі қажет. Өзін-өзі жүзеге асыру,

адамдармен қарым-қатынас жасауды 99 респонденттің таңдауы мүгедек жандармен қоғамдық ұйымдардың әлеуметтік маңызды жобаларының қазіргі жағдайдағы жұмыс барысына талдау жасап, мемлекеттік тапсырыс арқылы жүргізіліп отырған жобалар техникалық ерекшеліктерін қайта жасап, арнайы қызметтерді қолға алу уақыты келгендігін көрсетеді. Сонымен қатар, жұмысқа қабілетті мүгедектігі бар азаматтарға арналған кәсіби біліктілігін қайта даярлау курстарын ұйымдастыру мәселесі деә әсіресе заман талабына сай сұраныстағы мамандықтарға қайта даярлаудан өткізуді қолға алу қажеттігін көрсетеді.

Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі балалар тәрбиелеп отырған ата-аналардың біліктілігін арттыру, психологиялық көмек көрсету, үйде оқитын балаларға арналған түрлі танымдық шаралар өткізу мүмкіндігін қарап, бұл жұмыстарды қоғамдық ұйымдардың әлеуетін пайдалана отырып жасау керектігін де жоба аясында жүргізілген сауалнама барысы айқындап берді.

Қорытындылай келе, салалық бағыттағы қоғамдық ұйымдарды мазалайтын негізгі ойды айтқымыз келеді. Біздің елімізде көп жағдайда өте маңызды әлеуметтік мәселелер адамның жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескерілмей, формальды түрде шешіледі. Бұл, қиын өмірлік жағдайдағы адамдардың өмір сүру сапасының жақсармауымен байланысты орын алып отырған проблемалардың негізгі тамыры. Бүгінде креативті түрде ойланатын жастардың өмір сүру құндылықтары мен болашаққа деген көзқарасы бұл бағыттағы қалыптасқан стреотиптерді айтарлықтай өзгертуге мүмкіндік барын көрсетіп отыр. Қазір біздің елімізге мүгедектіктің алдын алудан бастап жұмыс істегісі келетін мүгедектер үшін жағдай жасауға дейін логикалық түрде орындалатын әлеуметтік бағдарламалардың нақты жүйесі қажеттігін тағы да атап өткіміз келеді.

Сондай-ақ, жоба аясындағы шаралар мен сауалнамалар, креативті индустрия нысандары арқылы әлеуметтік-еңбек интеграциясы бар еңбекке қабілетті жастағы мүгедектігі бар адамдардың үлесі кемінде 10%-ға ұлғайғанын және олардың қоғамға өздерін керек сезініп, жұмыс жасап, әлеуметтік жәрдемақыдан өз табысын табуға елімізде барлық мүмкіндік жасалғандыңын ұғына түсті. Бұл жұмыстарды жұмыспен қамту орталықтары алдағы уақытта өз назарына алып, ұсыныстарды ескере отырып салалық мемлекеттік органдар басшылыққа ала жұмыс жасауы қажет деп санаймыз. Ол үшін салалық принцип негізінде қоғамдық ұйымдармен байланысты нығайту шараларын қолға алудан бастау қажет.

**4- іс-шара.*Әлеуметтік парақша арқылы қоғамдағы ерекше балалардың ата-аналарымен сауалнама жүргізу.***

Әлеуметтік парақша арқылы қоғамдағы ерекше балалардың ата-аналарымен сауалнама жүргізілді. Сауалнама онлайн форматта жүргізілді қамтылуы 100 адам болған сауалнамаға 175 ата-ана қатысты. Сілтемесі https://docs.google.com/presentation/d/1aSqb6szmOjTVNido0UmqfZfRsIDnAjCHYMvTKVDViME/edit?usp=sharing

Сауалнама әлеуметтік желілер арқылы таратылды. Талдау нәтижесі және ата-аналар ұсыныстары облыстық білім басқармасы басшысы А.Т. Есжановқа, Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру жәнеәлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысы Ғ.Ж. Жаңабаевқа жолданды.

Көптеген зерттеулер отбасында мүмкіндігі шектеулі баланың пайда болуы отбасының қалыптасқан қызметін бұзатынын көрсетеді: отбасының психологиялық климаты және неке қатынастары өзгереді. Өмірінде осындай жағдайға тап болған баланың ата-анасы көптеген қиындықтарды бастан кешіреді. Дамуында ауытқуы бар баланың туылуынан туындаған оң өмірлік стереотиптің деформациясы әлеуметтік және психологиялық деңгейде көрінуі мүмкін бұзылуларға әкеледі. Олар отбасымен жүргізілетін коррекциялық жұмыстың тиімділігінің төмендігінің себептерінің ішінде травматикалық жағдайда баламен және сыртқы әлеммен үйлесімді байланыс орнатуға кедергі келтіретін ата-аналардың жеке қарым-қатынастарын атауға болады дейді.

Осы ретте, «Ақ босаға» әйелдер қоғамдық бірлестігі ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қаржыландыруымен «Азаматтық бастамаларды қолдау» орталығының грантының аясындағы «Қызылорда өңірінде еңбекке қабілетті мүмкіндігі шектеулі жастарды креативті өнерге тарту» жобасының командасы қызмет алушы мүмкіндігі шектеулі жастар және аймағымыздағы мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардан әлеуметтік сауалнама жүргізді.

Сауалнамаға 175 ата-ана қатысып, алдағы уақытта мүмкіндігі шектеулі балалар мен жастардың өмір сүру сапасын арттыру, олардың ата-аналарының сұраныстары негізінде нақты жұмыстар атқару үшін ұсыныстарын айқындап берді.

«Балаңыздың білім алу жағдайына қаншалықты көңіліңіз толады» деген сұраққа толықтай қанағаттанамын деп 33 % респондент жауап берсе, «Қалаңыздағы мүмкіндігі шектеулі жандарға кедергісіз қолжетімді ортаны қлыптастыру сапасына көңіліңіз тола ма?» деген сауалға 38,6 % көңілі толатындықтарын айтса, 30,7 % көңілі толмайтындықтарын белгілеген. Бұл өз кезегінде мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған балалардың ата-аналары, қамқоршысыларын «Кедергісіз келешек» бағдарламасы аясындағы түрлі зерделеу жұмыстары мен комиссияларға қосу қажеттігін аңғартады.

«Әлеуметтік жобалар шараларына сіздің балаңыз қатысады ма?» деген сауалға 44,6 пайызы «ия» деп жауап берсе, 33,5 пайызы «жоқ қатыспайды» деп жауап берген. Егер қатысқан болса, әлеуметтік жобалар қызметіне көңіліңіз тола ма? деген сауалға 48,3 пайызы «толықтай толады» десе 27,8 пайызы «ішінара қанағаттанамын» деп жауап берген. Негізінен сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 48,6 пайызы жоғары білімді, 61,4 пайызы толық отбасынан, 27,6 пайызының отбасының материалдық

жағдайы жақсы екендігін ескерсек, түрлі курстарға, тегін немесе ақылы негіздегі оқыту тренингтеріне қатысуға ынталы екендіктерін көрсетеді. Бұл өз кезегінде мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасындағы психологиялық ахуалдың жақсаруына, бала тәрбиесіндегі жаңашыл әдістерді меңгеруіне, баланың денсаулық жағдайын жақсартуға көп әсерін тигізер еді.

**3 міндет.Әлеуметтік және (немесе) еңбек интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы мүгедектігі бар адамдарға 3 түрлі бағытта оқыту курстарын ұйымдастыру**

**1-іс-шара.** ***«Жасанды интеллект (манкинг), фигма, канва, цифрлық контент» курсын ұйымдастыру. Курс мерзімі (аптасына 3 рет 2 сағаттан).***

Курс менторы – Мырзакулов А болды, курс жүргізу үшін ИП TUBEKBAEFF CORP келісім шарт жасасыптренерлері Тубекбаев Ж.А, Есбосын М.Қ, Абдуллаев О.У, Кулмурзаев Н.С, Елшібек А.Ж аптасына 3 рет 2 сағаттан өтті. Курсқа 10 мүмкіндігі шектеулі жастар қатысты. Бұл курстар сандық мазмұнды жасау және **NoCode** платформаларын қолдану бойынша негіздерді қамтиды. Қатысушыларға жасанды интеллект, визуалды контент құру, мобилография, монтаж және түстеу, **Google Workspace** құралдары, цифрлық қызметтер және сайт жасау сияқты әртүрлі тақырыптарда семинарлар ұсынылады.

**Курстың мақсаты мен міндеттері:**

Курстардың негізгі мақсаты - қатысушыларға заманауи сандық құралдар мен технологияларды қолдану дағдыларын дамыту. Әрбір семинар нақты бір тақырыпқа арналып, сол саланың негізгі аспектілерін түсіндіруге бағытталған.

AI негіздері семинарлары жасанды интеллекттің теориялық және практикалық негіздерін үйретуге бағытталған. Қатысушылар AI алгоритмдерін түсініп, оларды өздерінің жобаларында қолдана білуге үйренеді.

**Canva** курсы визуалды контент құру дағдыларын дамытуға арналған. Қатысушылар **Canva** құралын пайдаланып, түрлі графикалар, постерлер және әлеуметтік желілерге арналған контент жасауды үйренеді.

**Мобилография және түсірілім негіздері** семинарында қатысушыларға кәсіби деңгейде мобилография және видео түсірілімнің негізгі қағидалары үйретіледі. Бұл семинарда практикалық жаттығулар арқылы түсірілімнің техникасы мен өнері түсіндірілді.

Монтаж және түстеу курсы видео монтаждау және түстеу негіздерін үйретеді. Қатысушылар бейнені редакциялау және түстерді түзету арқылы жоғары сапалы видеоконтент жасауды үйренді.

**Google Workspace Tools** семинары қатысушыларға **Google Workspace** құралдарын қолдану дағдыларын үйретеді. Бұл құралдар тиімді жұмыс жасауға және топпен бірге жұмыс істеуге мүмкіндік берді.

**Digital Services for Work** курсы жұмыс үдерісін оңтайландыру үшін түрлі сандық қызметтерді қолдану дағдыларын дамытады. Қатысушылар заманауи цифрлық құралдарды қолдануды үйреніп, олардың мүмкіндіктерін түсінді.

https://www.instagram.com/reel/C69CcA3ivd5/?igsh=cDQ0anV2bzJkcWY=

**2-іс-шара.** ***«Графикалық вебдизайн (ноу код)» курсын ұйымдастыру Курс мерзімі (аптасына 3 рет 2 сағаттан).***

Курс менторы -Доспаева Р. Т. болды, курс жүргізу үшін ИП TUBEKBAEFF CORP келісім шарт жасасып, олардың тренерлері Утебаев А,Оразбахов А.Қ, Оразмаханов Ж.Ш, Мырзабай А.С, Қадырбеков Б.Н. аптасына 3 рет 2 сағаттан оқыту курсын жүргізді. Курсқа 10 мүмкіндігі шектеулі жастар қатысты. Бұл курстар мәтіндік құжаттарды құру, түзету, дайындау және SharePoint платформаларын қолдану бойынша негіздерді қамтыды. Қатысушыларға мәтіндік процессоры, электрондық кесте, графикалық презентация Google Workspace құралдары, цифрлық қызметтер және OneDrive интернет-сервисі сияқты әртүрлі тақырыптарда түсіндірме сабақтар ұсынылды.

Курстың мақсаты мен міндеттері:

Курстардың негізгі мақсаты - қатысушыларға заманауи сандық құралдар мен технологияларды қолдану дағдыларын дамыту. Әрбір семинар нақты бір тақырыпқа арналып, сол саланың негізгі аспектілерін түсіндіруге бағытталды.

Microsoft Office Word бағдарламасы арқылы кесте құруды, кез келген мәтінге фигура, сурет немесе диаграмма және көркем WordArt декоративті текстісін кіріктіруді үйретуге бағытталды. Қатысушылар Word бағдарламасы мүмкіндігін түсініп, оларды күнделікті өздерінің жобаларында қолдана білуге үйренді.

Microsoft Office Excel  бағдарламасы арқылы кесте, диаграмма құруды, кез келген мәтінге жазылған текст пен символды оңға, солға, жоғары, төмен немесе ортаға туралауға үйретуге бағытталды. Қатысушылар Excel  бағдарламасы  мүмкіндігін түсініп, оларды күнделікті өздерінің жобаларында пайыздық, көрсеткіштік диаграмма құруда қолдана білуге үйренді.
Microsoft Office PowerPoint графикалық презентация программалары арқылы көркем кіріспе, таныстырылым жасауға, переход, анимация беруге, слайд бетіне фильм кірістіруге үйретуге бағытталды. Қатысушылар PowerPoint бағдарламасы  мүмкіндігін түсініп, оларды күнделікті өздерінің жобаларында таныстырылым жасауды қолдана білуге үйренді.
Google Drive бөлімі:
Google Workspace Tools қатысушыларға Google Workspace құралдарын қолдану дағдыларын үйретті.
Курстың нәтижелері:
Курстарды аяқтағаннан кейін қатысушылар заманауи сандық технологиялар мен құралдарды тиімді пайдалана алатын болды. Олар Google құжат, Google кесте құру, жасау сияқты дағдыларды меңгеріп, өз жобаларында және жұмыста қолдануға дайын болды. Курстардың нәтижесінде қатысушылардың цифрлық сауаттылығы артып, кәсіби дағдылары нығая түсті.
https://www.instagram.com/reel/C7125PQCHXm/?igsh=MXhkbzIxenBzd3RjNA==

**3- іс-шара.** ***«Этноөнер»курсын ұйымдастыру.Курс мерзімі (аптасына 3 рет 2 сағаттан).***
Курс менторы – Дарибаева С, Курс жүргізу үшін ИП ЭТНОДИЗАЙН студиясымен келісім шарт жасасып, тренерлері Қазақстан қолөнершілер одағының мүшесі, педагогика ғылымдарының магистрі Айдана Әлайдарқызы мен Бағжан Гәжденбекқызы, Камалова Үкілі Ағаділова Айзат Бегайдарқызы, Сүйіндік Аружан Қайратқызы аптасына 3 рет 2 сағаттан кткізді. Курсқа 10 мүмкіндігі шектеулі жастар қатысты.«Этноөнер» курсы бойынша дәрістерін өтіп, құрғақ жүннен оюланған панно жасау, құрақ көрпе тігу, қамзолдарға ою салу әдісін үйретті. Курсқа мүмкіндігі шектеулі 10 адам қатысып үздіксіз білім алуының нәтижесінде әрқайсысы 3 паннодан жасап, қорытынды көрме кезінде жұртшылыққа көрсетті. Жоба қатысушылары киізге өрнек салу, үй интерьеріне қажетті құралдарды өз қолдарымен жасап шығарды.
https://www.instagram.com/p/C69GVrOCHuD/?igsh=cWhhNTh0cTQ2ZTl1

**4 міндет. Әлеуметтік-еңбек интеграциясы жоқ мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыруға/өзін-өзі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу;**
**1-іс-шара. Өткізілген курстар нәтижесі бойынша көрме ұйымдастыру.**
2024 жылғы 21 тамызда – Жастар ресурстық орталығында «Қызылорда өңірінде еңбекке қабілетті мүмкіндігі шектеулі жастарды креативті өнерге тарту» жобасы аясындағы курстар нәтижесімен 3 көрме мен қорытынды презентациясы ұйымдастырылды. Шараға 50 адам қатысты. Презентация барысында  жоба бойынша 16-20 жастағы еңбекке қабілетті мүмкіндігі шектеулі  жастардың шығармашылық білімі мен дағдысын дамыта отырып,  белсенді жастардың қауымдастығын тарту арқылы болашақ жұмыс көзі ретінде кәсіби креативтік өнерге үйретуге бағытталған бұл жобаға 30 мүмкіндігі шектеулі жас қатысқаны, жоба аясында 500-ден аса респондент аймақта инклюзивті қоғам дамыту бағытындағы шаралардың тиімділігін арттыру, мүмкіндігі шектеулі жастардың жұмыспен қамтылуына қатысты сараптама жасауға негізделген сауалнамаға қатысып, нәтижесімен салалық мемлекеттік органдарға Ұсыныстар жолданғаны. Кәсіпкерлермен жоба аясында курстан жаңа білім дағдысын жетілдірген мүмкіндігі шектеулі жастарды жұмысқа орналастыру бойынша келіссөздер жүргізілгені, мүгедектігі бар жастарға қосымша білім беру, түрлі семинар-тренингтер жүргізуге ынталы тренерлер базасы жасақталып, жастар ресурстық орталығына жолданғаны туралы ақпарат берілді. Тренерлер алдағы уақытта осы бағытта ерікті ретінде қызмет көрсетуге әзір екендіктерін білдірді.
«Жасанды интеллект (манкинг), фигма, канва, цифрлық контент» курсы;
- «Графикалық вебдизайн (ноу код)» курсы;
- «Этноөнер» курсы қорытындысымен көрмені тамашалаған шара қонақтарына, әр курс бойынша табыс тарихы (история успеха) көрсетілді.Жоба қорытындысымен әлеуметтік-еңбек интеграциясы бар еңбекке қабілетті жастарды жұмыспен қамту, осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіруге қатысты талдау жасалып, сарапшылар ұсыныстары мемлекеттік органдарға жолданды.
Жоба қатысушыларына (30 мүмкіндігі шектеулі жастар) сыйлықтар мен сертификат табысталды.
Фуршет барысында кәсіпкерлер курс көрмесінен алған әсерлерімен бөлісіп, тігін цехтарына және графикалық дизайн бойынша кәсіп жүргізуге жұмыспен қамту бойынша жастармен келіссөздер жүргізді.https://www.instagram.com/p/C-7s-3UC6F9/?igsh=Y3h1cTl3MXV1dTI4

**2-іс-шара. Өткізілген курстар нәтижесі бойынша, әлеуметтік-еңбек интеграциясы жоқ мүгедектігі бар адамдардың өз өнімдерін сату процесі бойынша жұмыспен қамтуға жәрдемдесу.**Жоба аясында 10 қатысушы жұмыспен қамтылды.

1 топ мүгедектігі бар Байжанов Амантай Байзакович Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы вебдизайнер, Маханбетова Мөлдір Темірқызы Мобилограф, Жәнібеков Мейіржан Жәнібекұлы Компютерлік қызмет, Тойшыбек Ерзат Мұқанұлы Компьютерлік қызметке жұмысқа қабылданды. Сонымен қатар, көрме нәтижесімен 3 топ мүгедегі Нұрылдаева Ақерке Жанғазықызы ИП «СырЭтноДизайн» дизайнер етіп, Жеңіл дәрежелі ақыл кемдігі күтім мен емдеуді талап ететін мінез-құлықтың айтарлықтай бұзылуы бар Ермек Инабат Ибрагимқызын этнодизайнер ретінде жұмысқа қабылдады. Тірек –қимыл аппаратының бұзылысы бар Жаманқұл Шапағат «Ақ босаға» қоғамдық бірлестігінің жобалар мобилографы болса, осы диагнозбен жұмыс таппай жүрген Ғалымжанқызы Дильназ «Кәсіби маман» ЖШС мобилограф, 3 топ эпилепсия диагнозы қойылған Аманжолов Әсетті ЖК «Скакова» SMM менеджер, Димпластический коксоартроз Жақсылық Ринат Әскербекұлы осы мекемеге жарнама бойынша менеджер көмекшісі қызметіне орналасты.

**3- іс-шара. Жоба аясында қоғамға интеграцияланған мүгедектігі бар адамдардың кемінде 5 сәтті оқиғаларын жасау.**

"Инклюзивтік қоғам дамыту" гранты аясында "Ақ босаға" қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен "Қызылорда өңірінде еңбекке қабілетті мүмкіндігі шектеулі жастарды креативті өнерге тарту" жобасы қолға алынып, 6 ай көлемінде мүгедектігі бар жастарды түрлі бағыт бойынша оқыту курстарынан өткізді.

Оқыту курсына қатысып, курс соңында теориялық біліммен қатар практикалық негізде өз сайтын жасаған қатысушымыз да бар.

1) Жаманқұл Шапағат Бағдатқызы өзінің ерекше жағдайына қарамастан заман көшінен қалмай, курсқа өз қызығушылығымен тіркелді. Ол мәтінді форматтау, графиканы қолдану, тізім жасау, кесте құру жолдарын теориялық негізде оқи отырып, сайт құрылымын, домен алу, өз сайтын құрастыруды үйренді. Қазіргі таңда жаңа сайтты дамыту бағытында жұмыстар жасауда.

- Өз жеке сайтыңды құрастыру үшін жүйелі ізденіс пен жаңалықтарға жақын болу керегін түсіндім. Ақпараттық заманда оқырманға тың дүние ұсына отырып, өз өніміңді жарнамалау — негізгі қағида. Мемлекет ұсынған мұндай мүмкіндіктер әрдайым жалғасын тапса деймін. Біз сияқты жастарға берері мол жобалар өте керек-ақ, - дейді Шапағат Бағдатқызы.

2) Оқыту курсына қатысып, түрлі нәтижеге жеткен жастарымыз аз емес. Солардың қатарында «Этноөнер» курсына қатысып, панноға өзінің этностильде композициясын үйлестіріп, алдын ала эскиз жасауды үйренген – Ермек Инабат Ибрагимқызы. Инабат Ибрагимқызы курс барысында қабілетімен ерекшеленіп ғана қоймай, жүннен сапалы өнім әзірлеуді, үйлесімді түстер мен композиция құрастыруды меңгерді. Қазіргі таңда алған білімін жетілдіріп, өзін ұлттық бұйымдар жасайтын кәсіпкер ретінде көреді.

«Менің бала күннен арманым қолөнер бұйымдарын жасау болатын. Кесте тігіп, тоқыма тоқып, түрлі бұйымдарды жасайтынмын. Заманауи әдіспен жүннен панно жасау әдісін меңгеру өзімнің шығармашылыққа жақындығымның арқасында аса қиын болмады. Десе де, бұл кәсіптің де өз қиындықтары мен қызығы бар екен. Біз сияқты ерекше жастарға жасалып жатқан мұндай игіліктер көп болса екен деймін. Себебі алған біліміммен болашақта жеке кәсіп ашып, түрлі қазақы бұйымдар мен ұлттық құндылықтарды әлеуметтік желі арқалы республика көлемінде жарнамалағым келеді», - дейді Инабат Ибрагимқызы.

3) Оқыту курсына қатысушылар арасында жеке кәсібін жалғастыруды мақсат еткен жастарымыз да аз емес. Солардың қатарында Қасқырбай Ақбота Тұрсынбекқызы да бар. Ақбота жас болса да, қолынан бәрі келеді. Шығармашылық ойлау еркіндігі де бар. Әрдайым жұмыс жасау барысында әр іске мұқият ден қойып, өз қолтаңбасын қалдыруға тырысып отырады. Ақбота қатысқан «Этноөнер» курсында құрғақ жүннен панно әзірлеу техникасы мен әдісін тез меңгерді. Сонымен қатар, өзі жүргізетін әлеуметтік желіде бұйымдарын жарнамалап, алғашқы табысын тауып та үлгерді.«Жаңалыққа ұдайы жаным құмар. Қолымнан келіп тұрса, жасаудан жалықпаймын. Осы мақсатта, курсқа қатысып, тағы бір білім алғаныма қуаныштымын. Мемлекетіміздің мүгедектігі бар жастарға жасап жатқан барлық игі істеріне, жұмыстарына алғысымды білдіремін. Жан-жақты қолдау білдіріп, бізді білсін, үйренсін деп жатқан тренерлерімізге де, ұйымдастырушы «Ақ босаға» әйелдер қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Зейнар Дастанқызына ерекше алғысдей келе, Ақбота алдағы уақытта осындай курстардың жиі өтуін тілге тиек етті. Себебі мұндай курстар заманауи жаңа дағдылар қалыптастыруға мол мүмкіндік береді - дейді.

4) Айгерім Рахман 1 топ мүгедектігі бар. «Жасанды интеллект» курсына қатысып, онлайн тарататын шақыру билеттерін жасау, баннерлерге дизайн жасау, түрлі постерлер дайындауды да үйреніп алды. Әлеуметтік желі арқылы кез келген мекеменің жұмысын қалай жүргізудің қыр-сырын үйреніп, облыстық мүгедектер қорына осы бағыттағы жұмыстарды жүргізу үшін жұмысқа қабылданды.

5) 1 топ мүгедегі 21 жастағы Жәнібеков Мейіржан «Жасанды интеллект» курсына қатысып, мекеменің, жеке тұлғаның сайтын ашудың заманауи әдістерін үйренді. Курс барысында жасаған сайттарына аймақтың ірі кәсіпорындары өз қызығушылықтарын білдірді. Алдағы уақытта тапсырыстар алатынына сенімді болған Мейіржан «Мен осы курстан көп нәрсені үйрендім, қазақ тілді сайттардың болашағына сенемін және өзімнің де үйде отырып табыс табуыма көп мүмкіндік барына көз жеткіздім, алдағы уақытта осы білімімді жетілдіре түскім келеді. Мен құрастырған сайттарға қызығушылық білдірген әрбір азаматқа алғыс айтамын, осындай керемет дүниені мен жасап шығардым дегенге әлі күнге дейін сене алар емеспін» деп атап өтті. Жәрмеңке барысында Мейіржан жасаған сайттарды жарнамалау және тапсырыс беру бағытындағы жұмыстарды облыстық мүгедектер қоғамы өзіне алатынын айтты.

6) 1 топ мүгедектігі бар Байжанов Амантай Байзакович (87778161990) Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы Вебдизайнер,
7) Маханбетова Мөлдір Темірқызы (87760202002) Мобилограф.

**4 – іс-шара.** Нысаналы индикаторға қол жеткізе отырып, жоба қорытындыларын талдама.

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қалалық жұмыспен қамту және әлкуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ ақпараты бойынша ағымағы жылдың 1 қазанына Қызылорда қаласы бойынша 271 мүгедектігі бар 18-40 жас аралығындағы адамдар тіркелген (11 911 адамның 2%). Егер оларды ауылдық округтерге талдасақ оның ішінде Қосшыңырау ауылдық окуругында 5 мүгедектігі бар адамдар, Қараултөбе ауылдық округынан 39 адам мүгедектігі бар адамдар, Қызылжарма ауылдық округынан 38 адам мүгедектігі бар, Белкұл ауылдық округынан 74 мүгедектігі бар адам анықталды.

«Қызылорда өңірінде еңбекке қабілетті мүмкіндігі шектеулі жастарды креативті өнерге тарту» жобасына қатысушы ретнде 30 мүгедектігі бар, еңбекке қабілетті 18-40 жас аралығындағы адамдар тіркеліп, үш курс бойынша білім мен дағды алып интеграцияланды. Ол адамдардың 10- ы жұмысқа орналасты.

Осылайша, 271 мүгедектігі бар еңбекке қабілетті әлеуметтік және (немесе) еңбек интеграцияланған адамдардан бөлек 30 мүгедектігі бар адамдар тартылып, нысаналы индикатор 10,1% құрады.

**Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы.**

Жобаның қорытынды презентациясы. 2024 жылғы 4қыркүйекте онлайн режимде 60 адамның қатысуымен жобаның қорытынды презентациясы ұйымдастырылды. Жоба барысында жүргізілген сауалнамалар нәтижелері таныстырылды, курсқа қатысып білім алған мүмкіндігі шектеулі жастардың жұмысқа орналасуы мен олардың өз кәсібін жүргізуіне мүмкіндік жасау, біліктіліктерін арттыруға қатысты ұсынымдар тыңдалды. Жоба аясында 30 мүмкіндігі шектеулі жастар тегін курстан өту мүмкіндігіне ие болды, барлығына сертификат тапсырылды. Курсты аймақтағы ең білікті, өз ісінің үздік тренерлері жүргізді. Курс нәтижесімен 3 көрме ұйымдастырылып, 10 қатысушы жұмысқа орналасты. 5 қатысушының табыс тарихы жасалып, әлеуметтік желілер арқылы насихатталды. Олардың өздеріне деген сенімдіктері пайда болды. Жоба аясында 500-ден аса респондент аймақта инклюзивті қоғам дамыту бағытындағы шаралардың тиімділігін арттыру, мүмкіндігі шектеулі жастардың жұмыспен қамтылуына қатысты сараптама жасауға негізделген сауалнамаға қатысып, нәтижесімен салалық мемлекеттік органдарға Ұсыныстар жолданды. Кәсіпкерлермен жоба аясында курстан жаңа білім дағдысын жетілдірген мүмкіндігі шектеулі жастарды жұмысқа орналастыру бойынша келіссөздер жүргізілгені, мүгедектігі бар жастарға қосымша білім беру, түрлі семинар-тренингтер жүргізуге ынталы тренерлер базасы жасақталып, жастар ресурстық орталығына жолданғаны туралы ақпарат берілді. Тренерлер алдағы уақытта осы бағытта ерікті ретінде қызмет көрсетуге әзір екендіктерін білдірді.

«Жасанды интеллект (манкинг), фигма, канва, цифрлық контент» курсы;

«Графикалық вебдизайн (ноу код)» курсы;

«Этноөнер» курсы қорытындысымен көрмені тамашалаған шара қонақтарына, әр курс бойынша табыс тарихы (история успеха) көрсетілді.Жоба қорытындысымен әлеуметтік-еңбек интеграциясы бар еңбекке қабілетті жастарды жұмыспен қамту, осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіруге қатысты талдау жасалып, сарапшылар ұсыныстары мен сауалнама бойынша талдамалық анықтамалар мемлекеттік органдарға жолданды.

**Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс.**

Жоба аясындағы шараларды әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыру үшін 20-дан аса посттар мен10 қысқа бейне роликтер жарияланды. БАҚ-та ақпарат орналастыру мақсатында «Сыр бойы» газетінде және тұрғындарды әлеуметтік жоба туралы ақпараттандыру үшін 2 материал, интернет сайттарда 5 материал жарияланды. Облыстық телеарналарда ақпарат 4 ақпарат жарияланды. Мүмкіндігі шектеулі еңбекке қабілетті жастарды ақпараттандыру мақсатында ақпараттық бюллетеньдер жастар ресурстық орталығына, мектеп ақпараттық тақталарына ілінді. 2300 аса адам жоба жұмысымен таныс болды (сілтемелер мен скрин нұсқалары қоса жалғанды).

**Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:**

| | |
|---|---|
| **Жобаның мақсаты:** | Еңбекке қабілетті мүмкіндігі шектеулі жастардың шығармашылық білімі мен дағдысын дамыта отырып, белсенді жастардың қауымдастығын тарту арқылы болашақ жұмыс көзі ретінде кәсіби креативтік өнерге үйрету. |

| | |
|---|---|
| | Нысаналы индикатор: Жоба аясында Қызылорда қаласы және Белкөл, Қызылжарма, Қараултөбе, Қосшыңырау (Абай) ауылдық аймақтарда әр түрлі нысандар, оның ішінде креативті индустрия нысандары арқылы әлеуметтік-еңбек интеграциясы бар еңбекке қабілетті жастағы мүгедектігі бар адамдардың үлесін кемінде 10%-ға ұлғайту. |
| **Жобаныіскеасыруданқолжеткізілгеннәтиже:** | Жоба аясында 30 мүмкіндігі шектеулі жастар тегін курстан өту мүмкіндігіне ие болды, барлығына сертификат тапсырылды. Курсты аймақтағы ең білікті, өз ісінің үздік тренерлері жүргізді. Курс нәтижесімен 3 көрме ұйымдастырылып, 10 қатысушыны жұмысқа орналастыру арқылы аумақтағы еңбекке қабілетті мүмкіндігі шектеулі жастардың еңбек интеграциясы 10 пайызға арттырылды. 5 қатысушының табыс тарихы жасалып, әлеуметтік желілер арқылы насихатталды. Олардың өздеріне деген сенімдіктері пайда болды. жоба аясында 500-ден аса респондент аймақта инклюзивті қоғам дамыту бағытындағы шаралардың тиімділігін арттыру, мүмкіндігі шектеулі жастардың жұмыспен қамтылуына қатысты сараптама жасауға негізделген сауалнамаға қатысып, нәтижесімен салалық мемлекеттік органдарға Ұсыныстар жолданды. Кәсіпкерлермен жоба аясында курстан жаңа білім дағдысын жетілдірген мүмкіндігі шектеулі жастарды жұмысқа орналастыру бойынша келіссөздер жүргізілгені, мүгедектігі бар жастарға қосымша білім беру, түрлі семинар-тренингтер жүргізуге ынталы тренерлер базасы жасақталып, жастар ресурстық орталығына жолданғаны туралы ақпарат берілді. Тренерлер алдағы уақытта осы бағытта ерікті ретінде қызмет көрсетуге әзір екендіктерін білдірді.<br>«Жасанды интеллект (манкинг), фигма, канва, цифрлық контент» курсы;<br>«Графикалық вебдизайн (ноу код)» курсы;<br>«Этноөнер» курсы қорытындысымен көрмені тамашалаған шара қонақтарына, әр курс бойынша табыс тарихы (история успеха) көрсетілді.Жоба қорытындысымен әлеуметтік-еңбек интеграциясы бар еңбекке қабілетті жастарды жұмыспен қамту, осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіруге қатысты талдау жасалып, сарапшылар ұсыныстары мен сауалнама бойынша талдамалық анықтамалар мемлекеттік органдарға жолданды. |

| **Міндет** | **Міндетшеңбер індегіс-шаралар** | **Өткізілу күні** | **Өткізілу орны** | **Қатысушылардың саны** | **(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер** | **Сандық және сапалық көрсеткіштер** | **Индикаторлар** | | **Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | **жоспар** | **факт** | |
| **1 міндет.** Қызылорда қаласы және Белкүл, Қызылжарма, Қараултобе, Қосшыңырау (Абай) ауылдық аймақтарында әлеуметтік және (немесе) еңбек | Қызылорда қаласы және Белкөл, Қызылжарма, Қараултобе, Абай аумақтарындағы жергіліктіатқарушы органдарға әлеуметтік және (немесе) еңбек интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы | Қызылорда қаласы Наурыз – мамыр 2024 жыл | Қызылорда қаласы және Белкөл, Қызылжарма, Қараултөбе, Абай ауылы | 30 | Жоба жұмысына 6 адам тартылып, тұрақты жұмыспен қамтылды.<br>Командада жоба жетекшісі, үйлестіруші, есепші 3 ментор жұмыс жасады.<br>Қызылорда қаласы және Белкөл, Қызылжарма, Қараултөбе, Абай ауылы әкімдерімен әлеуметтік және (немесе) еңбек интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті | Жолданатын хат<br><br>Талдамалық анықтама<br><br>Еңбек интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы мүгедектердің тізімін қалыптастыру | 5<br><br>1<br><br>1 | 5<br><br>1<br><br>1 | Мемлекеттік органдарға жолданған талдамалық анықтамалықтардағы ұсыныстарға сәйкес мүмкіндігі шектеулі жастардың болашақта жұмысқа орналасуына бағытталған кешенді шаралар қолға алынатын болады. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы мүгедектердің үлесін және олардың қажеттіліктерін анықтау. | мүгедектердің үлесін (ақпаратын) анықтау мақсатында хат жолдау және талдамалық анықтама жасау | | | | жастағы мүгедектердің үлесін (ақпаратын) анықтау мақсатында ауыл әкімдіктеріне, облыстық жұмыспен қамту басқармасына ақпарат жолданды. Нәтижесінде еңбекке қабілетті мүмкіндігі шектеулі жастардың аймақтағы жалпы саны анықталды. | | | | |
| | Әлеуметтік және (немесе) еңбек интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы мүгедектердің қажеттіліктерін анықтау. | Қызылорда қаласы Наурыз – мамыр 2024 жыл | Қызылорда қаласы | 10 | Әлеуметтік және (немесе) еңбек интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы мүгедектердің қажеттіліктерін анықтау мақсатында офлайн және видео подкаст әдісімен интервью сауалнамасы 2 тілде жүргізілді. Мәселелерді шешу туралы ұсыныстар фасилитация әдісі арқылы қатысушылардың курстарға бөлінуіне, олардың курстардан күтетін нәтижесіне қарай тренерлердің жұмыс жоспарын жасауына мүмкіндік берді. | Сауалнама<br><br>Әңгімелесу (интервью)<br><br>Талдамалық анықтама<br><br>Мәселелерді шешу туралы ұсыныстар жинағы (фасилитация арқылы)<br><br>Фото есеп | 1 сауалнама (екі тілде)<br><br>1 сұрақтар жинағы (екі тілде)<br><br>1<br><br>1<br><br>10 | 1 сауалнама (екі тілде)<br><br>1 сұрақтар жинағы<br><br>1<br><br>1<br><br>10 | Сауалнама нәтижесімен Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімібасшысына талдамалық ақпарат жолданды. Ендігі кезекте курсты жалғастыру бойынша жұмыстар жүргізілетін болады. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Нәтижелер туралы жергілікті атқарушы органдарға хат | Кемінде 1 | 1 | |
| **2 міндет. Жобаның басталуы туралы ақпараттық жұмыстар жүргізу мақсатында «Өз қолыңмен жасауды үйретемін» тақырыбында ашық есік күнін өткізу.** | «Өз қолыңмен жасауды үйретемін» тақырыбында ашық есік күнін өткізу | 26 сәуір 2024 жыл | Қызылорда қаласы (Достық үйі) | 25 | 2024 жылғы 26 сәуірде, Қызылорда қаласында Достық үйінің мәжіліс залында «Өз қолыңмен жасауды үйретемін» тақырыбында ашық есік күні ұйымдастырылып, **«Мүмкіндігі шектеулі жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар және олардың тиімділігі, қоғамдық ұйымдармен серіктестіктің маңыздылығы» тақырыбында** **«Мүмкіндігі шектеулі 15-17 жастағы ерекше балаларды шығармашылық өнерге үйретуге бағытталған шаралардың оқу орнындағы нәтижелігі, инклюзивтік білімнің маңызы» тақырыбында** экспертер баяндамалар | Өзара әрекеттесетін мекемелер/ұйымдар<br>Бағдарлама<br>Спикер<br>Қатысушылар тізімі<br>Презентация<br>Кофе-брейк<br>Әлеуметтік желілерге арналған қысқа бейне,пост<br>Буклет<br>Фото / видео есеп<br>Меценаттар мен кәсіпкерлерге жолданған хаттар | 3<br>1<br>25 адам<br>1<br>1<br>2<br>50 дана<br>10 фото / 1 видео<br>5 хат | 3<br>1<br>25 адам<br>1<br>1<br>2<br>50 дана<br>10 фото / 1 видео<br>5 хат | М. Шоқай атындағы № 187 ақпараттық технологиялар мектеп-лицейі (IT мектеп-лицей), "№ 7 арнайы түзету мектеп-интернаты» КММ басшыларымен алдағы уақытта жоба аясындағы шараларға мектеп ұстаздарын, ата-аналарын қатыстыру және эксперт ретінде қатысу бойынша Меморандумдарға қол қойылды.Бұл жқмыстар алдағы уақытта ада ұйымның тұрақты дамуын жолға қоюда жалғасын таппақ. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жасады. Ашық есік күні жұмысына мемлекеттік органдар, қалалық мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдары мен қоғамдық ұйымдар өкілдері, мүмкіндігі шектеулі жастар мен ата-аналары қатысты. Курс тренерлері өздерінің бағдарламаларымен таныстырып,сұрақтарына жауап берді. Ұйымдастырылған кофе-брейк барысында жоба қатысушылары бір-бірімен танысып, алдағы міндеттерді айқындауға мүмкіндік алды. | | | | |
| | Жастар арасынан шығармашылықпен айналысатын тренерлер табу үшін әлеуметтік сауалнама жүргізу | Наурыз-Мамыр 2024 жыл | 1. Қызылорда қаласы<br>2. Белкүл ауылдық округі<br>3. Қызылжарма ауылдық округі<br>4. Қараултобе ауылдық округі<br>5. Қосшыңырау (Абай) ауылдық округі | 50 | | 1)Сауалнама<br>2)Қамту<br>3)Сауалнама нәтижесінде анықталатын шығармашылық қабілеті бар жас тренер<br>4)Шығармашылық қабілеті бар жас тренерлерге кураторлық | 1)1<br>2)50 адам<br>3)15 (түйіндемелермен)<br>4)3 (түйіндемелермен) | 1)1<br>2)64 адам<br>3)15 (түйінделемелермен)<br>4)3 (түйінделемелермен) | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | ететін ментор интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы мүгедектігі бар адамдар | | | |
| | Шығармашылыққа қызығушылық танытатын әлеуметтік және (немесе) еңбек интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы мүгедектектігі бар адамдарды анықтау | Мамыр-тамыз айлары | 1. Қызылорда қаласы<br>2. Белкүл ауылдық округі<br>3. Қызылжарма ауылдық округі<br>4. Қараултобе ауылдық округі<br>5. Қосшыңырау (Абай) ауылдық округі | 521 | Барлығы 24 сұрақтан тұратын жоба аясында жүргізілген сауалнамаға қатысқан 521 адамның 55,4 пайызы әйел, қалған 44,6 пайызы ер азаматтар. Олардың ішінде 16-18 жастағы респонденттер 19,0 пайыз (99 адам), 30-35 жастағы 46,5 пайыз (242 адам), 19-29 жастағы 34,4 пайыз (179 адам).<br><br>Тұрғылықты жеріңіз сауалы бойынша қатысқан респондеттердің облыс орталығында тұратын мүмкіндігі шектеулі азаматтар үлесі 50,4 пайыз, Қалада, бірақ шет аймағында – 26,9 пайыз, Ауылдық округте -11,9 пайыз, кентте - 10,8 пайызын құрады.<br><br>https://forms.gle/d3XQq7wwsdE5pipp9 | Сауалнама<br><br>Қамту<br><br>Сауалнама негізінде анықталып оқытылатын әлеуметтік және (немесе) еңбек интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы мүгедектігі бар адамдар | 1<br><br>521 кем емес<br><br>30 қатысушы | 1<br><br>521<br><br>30 қатысушы | Сауалнама нәтижесімен талдамалық ақпарат әзірленіп Қызылорда облысы әкімінің орынбасарына алдағы уақытта жұмыс барысында ескеру үшін жолданды. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Әлеуметтік парақша арқылы қоғамдағы ерекше балалардың ата-аналарымен сауалнама жүргізу | Мамыр 2024 жыл | Онлайн (қамту аумақтары: 1. Қызылорда қаласы 2. Белкұл ауылдық округі 3. Қызылжарма ауылдық округі 4. Караултобе ауылдық округі 5. Қосшыңырау ауылдық округі) | 175 | Әлеуметтік парақша арқылы қоғамдағы ерекше балалардың ата-аналарымен сауалнама жүргізілді. Сауалнама онлайн форматта жүргізілді қамтылуы 100 адам болған сауалнамаға 175 ата-ана қатысты. Сілтемесі https://docs.google.com/presentation/d/1aSqb6szmOjTVNido0UmqfZfRsIDnAjCHYMvTKVDViME/edit?usp=sharing | Сауалнама<br><br>Респонденттер<br><br>Талдамалық анықтама | 1<br><br>100 адам<br><br>1 | 1<br><br>175 адам<br><br>1 | Сауалнама әлеуметтік желілер арқылы таратылды. Талдау нәтижесі және ата-аналар ұсыныстары облыстық білім басқармасы басшысы А.Т. Есжановқа, Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру жәнеәлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысы Ғ.Ж. Жаңабаевқа жолданды. |
| **3 міндет.** Әлеуметтік және (немесе) еңбек интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы мүгедектігі бар адамдарға 3 түрлі бағытта оқыту курстарын ұйымдастыру | «Жасанды интеллект (манкинг), фигма, канва, цифрлық контент» курсын ұйымдастыру<br><br>Курс мерзімі (аптасына 3 рет2 сағаттан) | Мамыр - шілде 2024 жыл | Қызылорда қаласы | 10 | Курс аптасына 3 рет 2 сағаттан өтті. Бұл курстар сандық мазмұнды жасау және **NoCode** платформаларын қолдану бойынша негіздерді қамтиды. Қатысушыларға жасанды интеллект, визуалды контент құру, мобилография, монтаж және түстеу, **Google Workspace** құралдары, цифрлық қызметтер және сайт жасау сияқты әртүрлі тақырыптарда | Курс бағдарламасы<br><br>Қатысушылар саны<br>Тренер<br><br>Ментор<br><br>Қатысушылар табелі<br><br>Фото есеп | 1<br><br>10<br>5<br><br>1<br><br>1<br><br>5 фото сабақтан | 1<br><br>10<br>5<br><br>1<br><br>1<br><br>5 фото сабақтан | Нәтижесімен 10 мүмкіндігі шектеулі жас өздерінің білімдерін жетілдіріп, болашақта жаңа бағытта жұмыс жасауына мүмкіндік алды. Табыс тарихы жасалды. 4 қатысушы жұмысқа орналасты. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | семинарлар ұсынылады. | Әлеуметтік желілерге арналған қысқа бейне,пост<br><br>Сертификат<br><br>Қатысушылардың қанағаттану деңгейі<br><br>Қатысушыларға құрал-жабдықтар/материалдар | 3 пост<br><br>10<br><br>80% сауалнама нәтижесімен<br><br>Тізім бойынша Түбіртек Есеп фактура | 3 пост<br><br>10<br><br>80% сауалнама нәтижесімен<br><br>Тізім бойынша Түбіртек Есеп фактура | |
| | «Графикалық вебдизайн (ноу код)» курсын ұйымдастыру Курс мерзімі (аптасына 3 рет2 сағаттан) | Мамыр - шілде 2024 жыл | Қызылорда қаласы | 10 | Курс тренері Утебаев А аптасына 3 рет 2 сағаттан оқыту курсын жүргізді.<br><br>Бұл курстар мәтіндік құжаттарды құру, түзету, дайындау және **SharePoint** платформаларын қолдану бойынша негіздерді қамтыды. Қатысушыларға мәтіндік процессоры, электрондық кесте, | Курс бағдарламасы<br><br>Қатысушылар саны<br><br>Тренер<br><br>Ментор<br><br>Қатысушылар табелі<br><br>Фото есеп<br><br>Әлеуметтік желілерге арналған қысқа бейне,пост<br><br>Сертификат | 1<br><br>10<br><br>5<br><br>1<br><br>1<br><br>10<br><br>3 | 1<br><br>10<br><br>5<br><br>1<br><br>1<br><br>10<br><br>3 | Нәтижесімен 10 мүмкіндігі шектеулі жас өздерінің білімдерін жетілдіріп, болашақта жаңа бағытта жұмыс жасауына мүмкіндік алды. Табыс тарихы жасалды.3 қатысушы жұмысқа орналасты. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | графикалық презентация**Google Workspace** құралдары, цифрлық қызметтер және **OneDrive** интернет-сервисі сияқты әртүрлі тақырыптарда түсіндірме сабақтар ұсынылды. | Қатысушылардың қанағаттану деңгейі<br>Қатысушыларға құрал-жабдықтар/материалдар | 10<br>80%<br>Тізім бойынша Түбіртек Есеп фактура | 10<br>80%<br>Тізім бойынша Түбіртек Есеп фактура | |
